

## **Жетісай ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы**

Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 ақпандағы № 81 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 ақпанда № 5414 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27 бабының 2 тармағына және "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына сәйкес, Жетісай ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жетісай ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Жетісай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жетісай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Жолдасбековке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Ж. Бейсенбаев*

Жетісай ауданы әкімдігінің  
2020 жылғы "7" ақпандағы  
№ 81 қаулысына қосымша

## **Жетісай ауданының аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар**

№	Елді мекеннің атауы	Орналасатын орны
---	---------------------	------------------

1	Жетісай қаласы	С.Қожанов көшесі, "Sinooil" жанар-жағар май құю бекеті мен " Табиғат" салтанат сарайы арасы
2	Жетісай қаласы	Ескендіров және Нарбаев көшелерінің қиылысы
3	Жетісай қаласы	Амангелді көшесі, "Дарын" мектеп-интернатының алды
4	Асықата кенті	Абылқасымов көшесінің бойында, "№ 15" колледжінің алды
5	Қызылқұм ауылдық округі, Түркебай ауылы	Абай және Базар көшелерінің қиылысы
6	Жылы су ауылдық округі, Жылы су елді мекені	Ақжол көшесі бойында

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК